

## Орталық аттестациялау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 1999 жылғы 23 наурыздағы N 148 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 31.03. 1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 720. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

"Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Орталық аттестациялау комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. Осы Ереже мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*М и н и с т р*

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

1999 жылғы 23 наурыздағы

N 148 бұйрығына 1-қосымша

### **Орталық аттестациялау комиссия туралы**

#### **Ереже**

1. Орталық аттестациялау комиссия (әрі қарай - Комиссия) "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына сәйкес аумақтық аттестациялық комиссиялардың аттестацияламау туралы шешімдеріне шағымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 қарашадағы N 825 бұйрығымен белгіленген мерзімдерде дәлелді себептермен аттестациялаудан өтпеген адвокаттардың арыздарын қарау үшін құрылады.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің үш өкілі, Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының бір өкілі және бір заңгер-ғалымнан тұратын бес мүше құрамында құрылады.

3. Комиссияның қызметіне басшылықты Қазақстан Республикасының Әділет министрі жүзеге асырады.

4. Комиссия хатшысы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен Комиссия мүшелерінің санынан тағайындалады.

5. Комиссияның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктеледі.

6. Комиссия мәжілістері қажетті шамада өткізіледі.

7. Аумақтық аттестациялық комиссияның шешіміне аттестациялаудан өтпей қалған адвокат шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бір ай мерзімде шағым б е р е д і .

Аттестациялаудан өту туралы арызды дәлелді себептер бойынша аттестациялаудан өтпеген адвокат оны аттестацияға келе алмауын туындатқан себептер аяқталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, бірақ осы Ереженің 15 тармағымен көзделген мерзім ішінде, Комиссияға береді.

Шағым немесе арызды беру мерзімін дәлелді себептер бойынша өткізіп алған жағдайда оның ұзартылуы мүмкін.

Шағымды немесе арызды беру мерзімін дәлелсіз себептер бойынша өткізіп алған жағдайда Комиссия адвокаттың сотқа жүгіну құқығын қалдыра отырып оларды қарамай қалдыру туралы шешім қабылдайды.

8. Комиссияға берілген шағым немесе арыз Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің кеңсесінде тіркеуге жатады.

9. Комиссия шағым немесе арызды олардың түскен күнінен бастап отыз күннің ішінде аумақтық аттестациялық комиссиядан бастапқы материалдар көшірмелерін талап ете отырып қарайды.

Қосымша материалдарды талап ету қажет болған жағдайда, сондай-ақ өзге де себептер бойынша, шағымды қарау бір айдын аспайтындай мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы арыз берушіге хабарланады.

Шағымның немесе арыздың қаралатын орыны мен уақыты туралы оны берген адамға Комиссия отырысына дейін жеті күннен кешіктірмей хабарланады.

10. Комиссияның отырысы шағымды немесе арызды берген адамның қ а т ы с у ы м е н ө т к і з і л е д і .

Шағымды немесе арызды берген адам дәлелді себептер бойынша Комиссияның отырысына келмей қалған жағдайда шағымды немесе арызды қарай осы себептер жойылғанға дейін кейінге қалдырылады.

Шағымды немесе арызды берген адам белгісіз себептер бойынша отырысқа келмей қалған жағдайда Комиссия келмей қалудың себептерін анықтағанға дейін оларды қарауды кейін қалдыруға құқылы.

Шағымды немесе арызды берген адам дәлелсіз себептер бойынша келмей қалған жағдайда Комиссия оларды қарамай қанағаттандырусыз қалдыру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ғ а құ қ ы л ы .

11. Комиссия шағымды немесе арызды қарау кезінде мына шешімдердің б і р е у і н қ а б ы л д а й д ы :

1) аумақтық аттестациялық комиссияның аттестацияламау туралы шешімімен к е л і с у т у р а л ы ;

2) аумақтық аттестациялық комиссияның аттестацияламау жөніндегі шешімін жою туралы, адвокатты қайтадан аттестациялауға жіберу және оны Комиссиямен өткізу туралы ;

3) Комиссияның дәлелді себептер бойынша 1998 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде аттестациядан өтпеген адвокаттарды аттестациялаудан өткізуі туралы ;

4) белгіленген мерзімде аттестациядан өтпеген адвокаттың арызын қанағаттандырусыз қалдыру туралы.

Осы Ереженің аталған тармағының 2) және 3) тармақшаларымен көзделген жағдайларда Комиссия аттестациялауды Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының төралқасы дайындаған Қазақстан Республикасының аумақтық адвокаттар алқаларының төралқалары бекіткен аттестациялау сауалдары тізбесі бойынша компьютерлік тестілеу жолымен өткізуді көздейтін адвокаттарды аттестациялау туралы ережелердің 6, 12-22 тармақтарының Ережелері бойынша өткізіледі .

12. Комиссияның отырысы егер оған оның мүшелерінің кемінде төртеуі қатысқан жағдайда құқылы .

Отырыста хаттама жүргізіледі, онда Комиссия отырысының өткізілген уақыты мен орыны, шағым не арыз берген адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оны аттестациялау жүргізілген жағдайда - емтиханның нәтижелері, аттестациялау емтиханы бойынша қойылған қосымша сауалдар және оларға қайтарылған жауаптар, Комиссияның шағымды не арызды қарау жөніндегі шешімі, сондай-ақ Комиссияның аттестациялау жөніндегі шешімі көрсетіледі.

13. Комиссияның шешімі егер оған оның мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп саналады.  
Дауыс беру ашық түрде өткізіледі.

Шешімге Комиссияның отырысына қатысқан барлық мүшелері қол қояды. Қабылданған шешім туралы шағым не арыз берген адамға сол күні жазбаша түрде хабарланады .

Комиссия шешімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде сақтауға қалдырылады .

14. Комиссия шешіміне сотқа арыз келтірілуі мүмкін.

15. Осы Ереже "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы қабылданған күннен бастап үш жыл ішінде қолданылады.